

Голиков Владимир Андреевич



Техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі. Қазіргі уақытта Ауыл шаруашылық техникасы және машиналары жүйелері зертханасының бас ғылыми қызметкері.

Республикадағы мал шаруашылығы кешендеріне азық даярлауға арналған үздіксіз желінің технологиясын жобалаушы ғылыми мектептің негізін салушы болып табылады.

Оның басшылығымен және тікелей қатысуымен теориялық және экспериментальды зерттеулер базасында өндіріске ендірілген комбайнға астық массасын беруге арналған құрылғы, азық даярлау машиналар кешені жасалды.

Оның жетекшілігімен республиканың агроөнеркәсіптік кешенінің әр түрлі салалары үшін машиналық жүйелер бойынша 5 кітап дайындалып, жарық көрді. 200-ден астам ғылыми еңбектер жариялады. 7 кітап, 20-дан астам авторлық куәліктер мен патенттер бар, 1 докторлық және 11 ғылым кандидатын дайындады.

КСРО ХШЖК дипломымен, күміс медалімен, ҚР ХШЖК 2 дәрежелі дипломымен марапатталды.